

**Ата-аналар жиналысының
Хаттамасы №1**

Күні, айы, жылы: 30.10.2023 жыл

Барлығы 13 ата-ана, Қатысқаны-13 ата-ана

Күн тәртібінде:

1.Баяндама .Тәрбие тал бесіктен.(баяндамашы сынып жетекшісі Джантасова А.К)

2.Бірінші тоқсан қорытындысы

3. Әр түрлі мәселелер.

Жиналыс барысы:

I. Бірінші мәселе бойынша сынып жетекшісі Джантасова А.К баяндама оқыды. Баяндама барысында балаға тәрбие осы күннен басты назарда болу керектігін және бала тәрбиесінің ерекшеліктері тағы басқа да мәселелер жөнінде және де осы мәселелерге жауапты ата-аналар мен ұстаздар екенін ерекше айтып өтті.

Шығып сөйлеушілер:

1. Даниярова Д.К. (ата-ана): Баяндамада өте жақсы айтылған, мен өзім 5 бала тәрбиелеп отырмын, қазіргі дамыған заманда бала тәрбиесіне ерекше мән беруіміз керек.
2. Отешова Қ.К. (ата-ана): «Тәрбие тал бесіктен» дегендей, бала тәрбиесіне алдымен ата-ана өзіміз жауаптымыз. Балаға ерекше, әдейі уақыт арнап қарау керек. Бұрынғы замандай өздері өседі деу қиын, өйткені қазіргі заман техника заманы, мәліметтер жан жақтан беріліп жатыр, сондықтан балаға дұрыс жөн сілтеп, тәрбие беру біздің міндетіміз.
3. Сынып жетекшісі Джантасова А.К. тәрбие тал бесіктен басталатынын ерекше ескертті.

II. Сынып жетекшісі Джантасова А.К. екінші мәселе туралы сөз қозғады. I оқу тоқсанының қорытындысы бойынша әрбір оқушының дамуы, қабілеттері жөнінде айтты. Сыныптағы 13 оқушының білімі мен тәртібіне тоқталды.

Шығып сөйлеушілер:

1. Кусаинова. (ата-ана): Баламның сабағын қадағалап отырамын, бірақ күндіз жұмыста боламын. Сол уақытта үйде өзі қалады, әжесі оқытады. Жұмыстан келген соң міндетті түрде сабағын сұрап қадағалап отырамын.

2. Ауқирова А,Т (ата-ана) Дильназдың сабағын үнемі қадағалаймын. Баламның сабақ оқығанына, тапсырмаларды өз бетімен ізденіп орындайтынына риза боламын.

3. Кушукбаева Н. (ата-ана) Имран, еріншектеу. Өз бетімен оқыған уақытта тез көзімен бір шолып оқиды. Имранды сабақтан тыс уақытта өзіңіз ерекше қарап, қадағалап отыруыңызды сұраймын.

Әрбір ата-ана балаларының тәртібі мен сабақ үлгерімдеріне, үйде сабаққа қалай дайындалатыны жөнінде тоқталып өтті.

III. Сынып жетекшісі Джантасова А.К. мектепте болып жатқан өзгерістерге тоқталды. Алда I оқу тоқсанында ашық есік күндері болатынын айтты. Сол күндері балаларының сабағын, оқу әрекетін бақылап көруге болатынын айрықша ескертті. Сонымен қатар оқушыларды сабаққа кешіктірмей жіберуді, жеке бас тазалықтарын қадағалауды, сабақтан қалдырмауды, үнемі өзімен байланыста болуды ескертті. Каникул күндеріндегі балалардың қауіпсіздігіне ата-аналардың жауап беретіндігін ерекше ескертті.

Қаулы етті:

I. «Тәрбие тал бесіктен» тақырыбындағы баяндама еске алынсын.

II. Оқушылардың тәртіптерін және сабақ үлгерімдерін басты назарда ұстаймыз.

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №2

2023-2024 оқу жылы

Күні, айы, жылы: 27.12.2023

Сынып жетекші – Джантасова А.К

Ата-аналар – 13

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

- 2 тоқсан қорытындысы. /. Джантасова А.К./
-
- Сыныптағы оқушылардың үлгерімі, үздік және екпінді оқушыларды атап өту.
-
- Әртүрлі мәселелер.
-

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша сынып жетекшісі ата-аналарға 2-тоқсанның қорытындысын айтып өтті. 2-тоқсанда 5 қыз бала және 8 ұл бала барлығы 13 оқушымен аяқтады. Каллиграфиясы төмен, оқушылар **Кушукбаев Имран, Мырзағұл Азамат, Бейсен Мирас** ата-аналарына балаларын сабақтан тыс уақытта сабақтарын қадағалау тапсырылды.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша сынып жетекшісі: Джантасова А.К ата-аналарға оқушылардың үлгерімі туралы айтты. Үздік-3 оқушы, екпінді- 4 оқушы, қалған 5 оқушы қанағаттанарлық деп атап өтті.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша ата-аналарға оқу бағдарламасы, оқулықтар, кітап, дәптермен жұмыс жүргізілуі туралы айтылды. Оқулықтарды таза ұстау, қаптап, күнделіктерін толтырып жүру тапсырылды.

Шешім:

- 2-тоқсан қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылсын.
- 2-тоқсан қорытындысы бойынша Кушукбаев Имран, Мырзағұл Азаматтың,
- ата-аналарына үйдегі уақытта балаларының сабақтарын қадағалау жүктелсін.
- Оқушылардың мектептегі оқу үлгерімін, тәртібін қадағалау сынып жетекшісіне жүктелсін.

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3
2023-2024 оқу жылы

Күні: 26.03.2024ж.

Қатысқандар: 9

Сынып жетекші – Джантасова А.К

Ата-аналар – 13

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

- 3 тоқсан қорытындысы. / К:Е.Ережепова\
-
- Дөңгелек үстел: «Ана мен бала»тренинг
-
- Әртүрлі мәселелер.
-

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сынып жетекшісі Джантасова А.К 3 тоқсан қорытындысымен ата-аналарды таныстырып өтті. Сыныпта 13 оқушы бар, олардың 5қыз бала, 8 ұл бала. 3 тоқсанның қорытындысын айтып өтті. 3 тоқсан бойынша оқушылардың білім деңгейі айтылды.Мырзагүл Азамат үйден көп көмек қажет етеді.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша ата –аналармен «Ана мен бала»атты тренинг үстел өткізілді. Дөңгелек үстелдің мақсаты: Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіре отырып, ата-аналарға өз баласының ерекшелігін білуге, оның жан дүниесін түсінуге, ата-ана бойына өздерін тәрбиеші әрі мұғалім ретінде қарауға жауапкершілігін арттыру. Дөңгелек үстелге ата-аналар белсене қатысты.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша әр түрлі мәселелер қозғалды. Ата-аналарға оқушылардың мектеп формасын, тазалығын, сабағын, мектепке келіп-кетуін қадағалау туралы айтылды.

Сөз сөйлегендер:

Ата-ана Дана:

- Апайдың өткізген дөңгелек үстелі өте қызықты өтті. Дөңгелек үстел жақсы деңгейде өтті. Қызықты тренингтер ұйымдастырылып, сурет салып көңіліміз бір көтеріліп қалды. Осындай дөңгелек үстелдер жиі өткізіліп тұрса деген тілек білдіреміз.

Ата-ана Гүлжанат:

- Дөңгелек үстел мағанда ұнады. Енді алдағы уақытта баламмен анасы ретінде емес, досы ретінде қарым-қатынас жасауға тырысамын. Ұлым Саянның математикадан есеп шығаруда көп қателіктер жіберетінін коллегиясының нашар екенін де білемін. Қадағалаймын деп уәде беремін.

Шешім:

3 тоқсан қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылсын.

- Отбасындағы ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту ата-анаға жүктелсін.
- Оқушылардың сабақ үлгерімі, тәртібі, тазалығын қадағалап отыру сынып жетекшісі мен ата-аналарға жүктелсін.

Ата- аналарының жиналысының № 4 хаттамасы

2023-2024 оқу жылы

Күні:29.05.24

Қатысқан ата- ана- 12

Қатыспағаны- 1

Күн тәртібінде:

1. 4 –тоқсанның қорытындысы
2. Жазғы каникул кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша сынып жетекшісі Джантасова А.К сөзі тыңдалды. Ол өз сөзінде 2023-2024 оқу жылының 4–тоқсанындығы сынып оқушыларының сабақ үлгерімі жайлы айтты.Тоқсан соңында 3- оқушы үздік 5 оқу екпіндісі,5 оқушы үштік бағаға оқиды.

Екінші мәселе бойынша сынып жетекшісі ата- аналарды каникул кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстырды.

1. Ата-анасыз демалыста ауылдан тыс кетуге болмайды.
2. Кешкі сағат 22.00 – ден кейін ата-анасыз көшеге шықпау.
3. Кешкі уақытта дүкенге, кештерге өз бетімен бармау.
4. Демалыс кезінде баланың өміріне жауапкершілікті ата-ана өз мойнына алады.
5. Отпен, электр құралдарымен қауіпсіздік ережесін сақтау, жол жүру ережесін бұзбау, ауылдан тыс жерге өз бетімен бармау.
6. Саяхатқа, экскурсияға, тауға, балыққа өз бетімен баруға тиым салынады.
7. Жауапкершілікті ата-ана өз мойнына ала отырып, осы ережені мұқият сақтауға міндетті.

Қаралған мәселелер бойынша ата- аналар кері байланыс берді

Шешім:

- 1.Оқушылардың білім алуына ата- аналар тарапынан жағдай жасалсын.
2. Оқушылардың жазғы каникул кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауын қадағалау ата-аналарға міндеттелсін.